

## ЖҮРЕК ЖЫЛУЫНА БӨЛЕДІ



*«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, арамызда атқарған ісін көпшілікке үлгі-өнеге ретінде көрсетуге болатын қарапайым жандар жетерлік. Осы орайда, Ақмола облысы мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының «Целиноград ауданының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұжымының игілікті істері жайлы айтып кеткіміз келіп отыр.*

Аталған мекеме қызметкерлері жуырда ізгі де, игі шара ұйымдастырды. Өзара бірлесіп, аудан орталығы Ақмол ауылындағы №11 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің қарамағындағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арнап сыйлықтар (кітаптар, түрлі түсті бояулар т.б) тарту етіп, балақайларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Осы ретте балалардың қуанышын еселеген ақжүрек жандарға зор ризашылығымызды білдіреміз.